

Существующая система национальных счетов и возможности отечественной туристской статистики не позволяют в настоящее время определить данные параметры с достаточной точностью. Тогда как за рубежом, в частности в Испании созданы научно-исследовательские институты, которые занимаются вопросами изучения, прогнозирования и развития туризма в стране на основе разработки модели устойчивого развития туризма.

**Выводы:**

На основании исходных данных и принятых допущений предоставляется возможным рассчитать величину косвенного воздействия туризма на экономику Казахстана и получить мультипликативный эффект туризма.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ruetter H. Wirtschaftsfaktor Tourismus. In: Volkswirtschaftin der Schweiz. Bern, 2001.
2. Квартально В.А. Туризм. М., Финансы и статистика, 2000.
3. Гуляев В.Г. Туризм: экономика и социальное развитие. М., Финансы и статистика, 2003.

**ОӘК 338.242:338.45 (574)**

**Габдулина Айгүл Сабитқызы – э.ғ.к., доцент (Қостанай, ҚИПУ)**

**ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ: ӘЛЕМДІК  
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ**

Қазақстанның ғылыми-техникалық дамуы келешегінің негізделген бағасы жаһандану процесінің өсуін үнемі қарқындалумен байланысты әлемдік тенденцияларын ескермеу мүмкін емес. Ғылыми жетістіктер және озат технологиялар экономикалық, саяси, әлеуметтік мәдени, экологиялық және басқа да салаларда халықаралық интеграция үшін негізін құрайды. Сол уақытта әлемдік ғылыми-инновациялық кешеннің пайда болуы мен қалыптасуына қазақстандық тәжірибеде сөзсіз болатын өзіне тән өзіндік заңдылықтары бар.

Ғылыми-техникалық ортадағы қазіргі заманғы жаһандану процестерін сипаттай келе, аспектілер қатарын белгілеуге болады. Бәрінен бұрын бұл тенденциялар әзірлеме және зерттеулердің бағыттылығы мазмұнында тікелей бейнесін табады. Алдымен өзінің мәні бойынша интернационалды болған күрделі ғылым, мемлекетаралық тосқауылдарды түпкілікті жеңеді және әлемдік дамуды болжаудың, танудың жалпы адамзаттық құралы болады. Жер шарының орман және топырақ ресурстары, әлемдік ауа бассейні, Әлемдік мұхит, халықаралық және тәртіп аралық тәсілдер, жаһандану мәселелері бойынша және т.б. зерттеулер үлкен орын алады. Қолданбалы ғылым және әзірлемелер саласында ел және әлем аймақтарының әр түрлі өндірістік және әлеуметтік жүйелеріне біріктіруші технологиялар; халықаралық көлемдегі өткізудің келешектегі нарығы бар технологиялар; жалпы әлемдік қолданыстағы технологиялар (ұлттық өзгешелігіне кейінгі адаптациямен) құруға бағдар айқын көрінеді. Мысал ретінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, сонымен бірге экономикада, ғылымда, білімде, мәдениетте, бос уақытты ұйымдастыруда қолданылатын және әлем елдерінің барлығын дерлік қамтитын жаһандық желі Интернетті алуға болады.

Жетекші елдерді басым ретінде қарастыратын әлемдік деңгейдегі критикалық технологиялар спектрі біртіндеп қалыптасып келеді. Осындайларға бірінші кезекте ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, алдын-ала берілген құралдармен жаңа материалдарды алу, биотехнологиялар жатады. Дүниежүзінде бірінші дәрежелі маңызды

табиғат және қоғам, адам қатынасының үйлесімі, тұрақты дамуға өтумен байланысты зерттеулер алады.

Ең маңыздысы әлемдік сауда айналымында елеулі орын алатын тауарлар мен қызметтердің өзіндік топтарына жоғары технологиялы өнімдерді бөлу болып табылады. Ғылымды қажетсінетін өнімдердің әлемдік нарығы өте жоғары қарқынмен дамуда: сату көлемі 1995-2000 жылдар кезеңінде 1,5 трлн. еуродан асып, бес есе өсті. Сауда айналымындағы (экспортта қалай, импортта да солай) ең үлесті салмақ электрондық өнеркәсіпке және есептеу мен кеңселік техникаларды шығаруға жатады (30-35% бойынша), және де соңғысы әлемдік нарықта өзінің үлесін екі есеге жуық өсірді. Қарастырған нарықтағы мәмілелердің басым көпшілігі ғылымды қажетсінетін өнімді шығару мен сауданың 60% бақылайтын, соның ішінде АҚШ - 20%, Жапония - 11%, Германия – 8,5%, «Үлкен жетілік» елдеріне болады [1].

Ғылымды қажетсінетін өнімдердің әлемдік нарығы шеңберінде елдер әр түрлі технологиялық мамандандыруды иеленеді. Ең дамыған потенциалдары бар елдерге ғылым және технология бағыттарына ресурстарды шоғырландыруға мүмкіндік беретін халықаралық еңбек бөлінісі қалыптасты. Нәтижесінде мемлекеттердің технологиялық өзара тәуелділіктері күшейеді. Осылай, есептеу мен кеңселік техникаларды шығару көлемі бойынша АҚШ ең алдыда, Жапония электрондық өндірісте үстем жағдайды иеленеді, Швейцария – фармацевтикалық өндірісте абсолютті жетекші. Авиакосмостық техникалардың ірі экспорттаушылары АҚШ, Ұлыбритания, Франция.

Әлемде ғылыми-инновациялық қызметтер саласында тиімді немқұрайды және немқұрайсыз үйлестік механизмдері пайда болды. Халықаралық-техникалық бағдарламалар және жобалар халықаралық беделді ұйымдардың қорғауымен – БҰҰ, ЭБДҰ, ЮНИДО, ЮНЕСКО және т.б., аймақтық интеграциялық институттардың (ЕК, АТЭ және т.б.), мемлекетаралық және фирмааралық келісімдері шеңберінде әзірленеді және жүзеге асырылады. Жиырма жылдық тарихы бар «Үлкен жетілік» елдерінде ғылымның дамуына жетекшілік ететін мемлекеттік құрылымдар жетекшілерінің тұрақты ресми емес кездесулері өткізіліп тұрады.

Әр түрлі елдердің ресурстарының бірігуі жеке, тіпті ең бай мемлекеттер үшін аса ауыр жұмыстарды өткізуге мүмкіндік береді. Жаһанданудың маңызды элементі болып әлемдік ғылыми-технологиялық кеңістікті қалыптастыру табылады. Жаңа заманғы байланыс технологиялары ғылыми-техникалық ақпараттардың әлемдік ағынына толық және жедел қол жеткізу, халықаралық бөлінген қорларын және ғылыми-техникалық мәліметтердің банкін, зерттеу мақсатында тиімді жаһандық мониторинг құруды, интеллектуалды шетелдік ресурстарды дистанционды пайдалануды қамтамасыз етеді. Интеллектуалды меншік және т.б. құқықтарды қорғау механизмдері, сертификаттау жүйесі, стандарттар сияқты халықаралық ғылыми-инновациялық инфрақұрылымнан құралған сәйкестендіру бағытына маңызды қадамдар жасалды. Әлемдік ғылыми-техникалық кеңістіктің одан ары нығайту мен қолдауда маңызды роль халықаралық ұйымдарға, соның ішінде ДСҰ, ИСО, МЭК және т.б. тиісті.

Ғылыми-техникалық кешенің халықаралық қаржылық инфрақұрылымы – ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларда инвестицияларда маманданушы сақтандыру және венчурлік компаниялар, қорлар, банктер жүйесі, ассоциациялар және т.б. жылдам қарқынмен дамуда. Ғылыми ұйымдар және ғалымдардың қызметі жалпы әлемдік тәжірибеде негізделеді, бірыңғай халықаралық критерилер бойынша бағаланады.

Ғылыми-технологиялық ортаның жаһандануы әртүрлі ұйымдық-экономикалық үлгілерін қабылдайды. Халықаралық ғылыми-техникалық кооперациялардың – затқа айналған және затқа айналмаған технологиялардың әлемдік нарығы, халықаралық бағдарлама мен жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру, ғалымдар мен мамандардың

халықаралық алмасуының алғашқы үлгілерінің сапалы дамуы жалғасуда. Сонымен бірге интеграцияның ең күрделі үлгілері - халықаралық ғылыми-зерттеу ұжымдары, халықаралық меншік болып табылатын ғылымның материалдық-техникалық базасының өте сирек объектілері, ғылымды қажетсінетін өнімді шығару және әзірлеу бойынша бірлескен кәсіпорындар күш жинауда.

Жаһандық технологиялық дамуда жетекші ролді күшті транснационалды корпорациялар ойнайды. Олардың стратегиялары ғылыми-техникалық ресурстарды топтауға және ғылымды қажетсінетін өнімді өткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шетелдік ғылыми-техникалық бөлімшелерді құрудан, әр түрлі елдердің ғылыми – техникалық потенциалдарына қалаған бағыттарына ұдайы өндіріс, ұлттық ғылыми-инновациялық кешендердің дамуын реттеу, әртүрлі елдердің ресурстарын ұтымды құрамдастыруға мүмкіндік беретін желілік құрылымның қалыптасуына дейін дамуда. Жаһанданудың ең алға басқан үлгісі транснационалды корпорациялардың технологиялық альянсы болды.

Болжанған кезеңге ғылыми-технологиялық жаһанданудың бұдан арғы негізгі бағыттары келесілер:

- ел арасындағы ақпараттық әрекеттерді және ақпараттық қоғамға өтуді қамтамасыз ететін технологиялардың басым әзірлемесі;

- технологиялық және әлеуметтік инновацияларды біріктіретін жаһандану метатехнологиялардың әзірлемесі;

- интеллектуалды ресурстардың халықаралық жұмылғыштығын түбегейлі қарқындыландыру;

- әлемдік ғылыми-техникалық дамуды бірен-саран халықаралық реттеу механизмдерін қалыптастыру, бәрінен бұрын экологиялық мәселелерді шешу мақсатында, сондай-ақ «үшінші әлем» елдерінің технологиялық артта қалуын қысқарту;

- шағын және орта ғылымды қажетсінетін бизнестің халықаралық ғылыми-технологиялық инфрақұрылымға негізгі қосылуы;

- ғылыми-инновациялық циклдың әр түрлі сатысында әр түрлі елдердің интеллектуалды ресурстарын шоғырландыратын компаниялардың және Интернет-технологиялардың дамуы;

- дамуды реттеу процесінде мемлекеттік құрылымдар мен транснационалды корпорациялардың өзара іс-әрекеті мен қарсы әрекетінің ұштастырылуы;

- әлемдік ғылыми-технологиялық кешен.

Көрсетілген жағдайларды қорытындылай келе, әлемдік ғылыми-технологиялық аренадағы Қазақстанның орнының келешегіне жалпы баға беруге болады. Оқиға дамуының кез-келген нұсқасында қазақстандық ғылым шетелдік ғылыми-инновациялық жүйемен әрекеттесе отырып, жаһандану тенденцияларының әсерін сезінеді. Дегенмен халықаралық интеграцияның көлемі мен тереңдігі, ең бастысы оның экономикалық және әлеуметтік салдары көптеген объективті және субъективті факторларға бағынады. Сонымен бірге, Қазақстанға жобалау сипаттамасы ғылыми-техникалық саланың интернационалдандыру және жаһандану тенденциялары елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық модельдерді анықтайды. Жаһандану механизміне тиімді қосылу үшін ең қолайлы жағдай дамудың соңғы нұсқалары - тым артық ырықтандыру немесе экономиканың қалыптан тыс ұлғайған реттеу жағдайынан емес, керісінше елде әлемдік тенденцияны және ұлттық ғылыми, инженерлік, білім беру дәстүрлерін есептегенде инновациялық жүйені саты бойынша құруға мүмкіндік беретін нарықтық қатынаста мемлекеттік реттеудің негізгі сапқа тұруда пайда болады.

Жаһандану ғылыми-технологиялық процесінде Қазақстан интеграциясының дәрежесі геосаяси және геоэкономикалық стратегия, қорғаныс доктринасының

---

сайлауымен, халықаралық жағдайлардың дамуымен тығыз байланыста болады. Біздің елімізде экологиялық мәселелердің ықтимал шиеленісуі, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануы мен климаттық өзгерістерге байланысты, халықаралық ғылыми-технологиялық интеграцияға қатысудың тереңдетілу және кеңейтілу катализаторы болуы мүмкін. Отын-шикізат қорының шамаланған көлемді өсуі керісінше табиғи ресурстардың экспорттан түсуі есебінен сәтті күнелтуге сенім реанимациясы жолымен интеграциялық мотивацияны әлсіретуге себепші болады. Бұл жағдайда орын толтыратын ықпалға халықаралық кооперацияға қатысуға қаржылық мүмкіндіктің кеңейтілуі, отын-шикізат кешенінде халықаралық экологиялық нормалардың сақталу қажеттігі, сонымен қатар озық технологиялар базасында шикізатты аса терең өңдеу салдарынан экспорттың тиімділігін көтеру мүмкіндіктері.

Қазақстанға халықаралық кооперацияның қарапайымнан күрделі ұйымдық үлгілеріне біртіндеп және еңбектеніп алға басу керек. Әлемдік ғылыми-технологиялық кеңістікке кірудің алғашқы қадамы күрделі ғылымның қазақстандық жетекші халықаралық орталықтарының базасында құрылу, Қазақстанға жаһандану ғылыми бағдарламасы және жобалары қызметінің таралуы. Бірақ әлемдік ғылыми-технологиялық ортадағы интеграция туралы, тек жоғары технологиялы өнімдерді жүзеге асыру, шығару және жасауға қабілетті ірі корпорацияны қалыптастырғаннан кейін айтуға болады. Қазақстандық құрылымның көз жетерлік болашақта авиакосмотық кешенде, энергетикада, кейбір басқа да салаларда халықаралық технологиялық альянсқа қатысуы ықтимал.

Әлемдік ғылыми-технологиялық кешенде лайықты орынды иелену мемлекеттік тиімді ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты қалыптастыруы мүмкін мақсатты бағытталған және талғамалы стратегияны жасауды талап етеді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Ковалев Ю.Ю. Әлемдік ғылымның географиясы. М., Гардарики, 2002, 124 б.

УДК 338.242.2

Демеуова Гульнара Тлеужановна – к.э.н., доцент (Алматы, УМБ)

#### **ФОРМИРОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ МЕХАНИЗМА КОНТРОЛЛИНГА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ПРАКТИКЕ**

Формирование системы контроллинга и его практическое использование обусловлено его инновационной сущностью, которая позволит использовать эффективные инструменты менеджмента для повышения конкурентоспособности компаний.

Исследования в области контроллинга и пути его внедрения как управленческой концепции отечественных предприятий в настоящее время не полностью изучены и требуют постоянного развития для возможности использования новейших технологий в системе управления компании.

Система контроллинга внедряется наиболее активно в крупных корпорациях, хотя его элементы используются и многими средними предприятиями. Выяснилось, что контроллинг обычно реализовывается на предприятиях в рамках традиционных функций планирования и контроля на базе определенным образом структурированной информации. Проблема конкретной организации заключается в том, какое новое содержание придать этим функциям и какой должна быть информация, необходимая для подготовки и